



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2014» атты
IX халықаралық ғылыми конференциясы

IX Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2014»

The IX International Scientific Conference for
students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION-2014»

2014 жыл 11 сәуір
11 апреля 2014 года
April 11, 2014



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2014»
атты IX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
IX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2014»**

**PROCEEDINGS
of the IX International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2014»**

2014 жыл 11 сәуір

Астана

УДК 001(063)
ББК 72
Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2014» атты студенттер мен жас ғалымдардың IX Халықаралық ғылыми конференциясы = IX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2014» = The IX International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2014».
– Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2014. – 5831 стр.
(қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-610-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001(063)
ББК 72

ISBN 978-9965-31-610-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университеті, 2014

head of a large holding. We are convinced that in these genders combined as national identity, and modern social necessity and essence of reality.

List of references

1. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы: Ғылым, 1974 -1986, 10 том. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. Алматы, 2011
2. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы, 1977
3. Қожахметова Х.Қ., Жайсақова Р.Е., Қожахметова Ш.О. Қазақша- орысша фразеологиялық сөздік. Алматы: Мектеп, 1988
4. Қайдар Ә. Бір мың әсерлі де бейнелі оралым (Этнолингвистикалық түсініктеме берілген қазақша-орысша фразеологиялық сөздік). Астана: ТОО «Білге», 2003;
5. Қайдар Ә. Халық даналығы (қазақ мақал – мәтелдерінің түсіндірме сөздігі және зерттеу) Алматы: «Тоғанай Т» баспасы, 2004.
6. Ахметжанова Ф.Р. Фразеотіркестердің қазақша-орысша сөздігі Өскемен: ШҚМУ Баспасы, 1998.
7. Ахметжанова Ф.Р. Қазақша-орысша, орысша-қазақша сәйкестіктер. Сөздік. Өскемен: Кенді Алтай, 2000.
8. Ахметжанова Ф.Р., Әбішев Е.К. Қазақ тіліндегі ұқсату мен теңеу. Монография. Өскемен: С.Аманжолов атындағы ШҚМУ, 2006;
9. Нұралұлы А Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі. Алматы; Сөздік словарь, 1997:
10. Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдер сөздігі. Алматы: Елтаным, 2010.

ӘОЖ 81'1(574)

ТІЛДЕГІ КӨПМАҒЫНАЛЫЛЫҚ ҚҰБЫЛЫС

Кусубаева Каламкас Мырзахановна

kalamkas_310178@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, филология факультеті «6М011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының ІІ курс магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі - С.С.Шоқабаева, ф.ғ.к., доцент

Тіл-тілдің сөздік құрамында бір емес, бірнеше лексикалық мағыналары бар сөздер жиі ұшырасады. Сөздің лексикалық мағыналарының әрқайсысының өзіне тән ерекшеліктері болады. Тілдің байлығы мен даму дәрежесі сөздік құрамдағы сөздердің саны көп болуымен ғана өлшеніп, мөлшерленіп қоймайды, сонымен бірге ондағы сөздердің семантикалық байлығымен де белгіленіп отырады. Дәлірек айтқанда, тілдің өсу жағы сөздік құрамдағы сөздердің санымен де, сапасымен де (көпмағыналылығымен) өлшенеді. «Сөздің сапа жағынан дамығандығын көрсететін бірден-бір белгі – сөздің көпмағыналылығы» [1, 37]. Сөздің көпмағыналылығы негізінде сөздік қордағы сөздерге тән қасиет. Неге десеңіз, олар – көп жылдар бойы өмір сүріп, жаңа сөз жасайтын тума сөздер. Соның нәтижесінде сөздік қордағы сөздер сан жағынан да, сапа жағынан да қарыштап дамыған, тұрақтанып, әбден қалыптасқан. Сондықтан да бұлар көп мағыналық сипатта кездеседі. Сөздік қордағы сөздердің де ең алғаш пайда болған кезінде аз мағыналы болғандығы байқалады. Кейін талай замандар өткен сайын олар бұрынғы меншікті бір мағынасының үстіне жаңадан бір я бірнеше қосымша туынды мағыналарға ие болған. Түсінікті болу үшін мына бір мысалдарға назар аударайық:

1. *Ананың сүті – бал, баланың тілі – бал (Мақал).*
2. *Сүйемін туган тілді – анам тілім,
Бесікте жатқанымда-ақ берген білім (С. Торайғыров).*

Бірінші мысалда «ана» деген сөз «шеше» деген мағынаны білдірсе, екінші мысалда басқа бір мағына – «туған» дегенді білдіреді. Қазақ тіліндегі «ана тілі» деген сөз тіркесінің мағынасы орыс тіліндегі «родной язык» деген сөз тіркесінің мағынасына сәйкес келеді. «Ана» деген сөздің әртүрлі мағыналары бір-бірінен семантикалық әр тектестік жағынан емес, қолданылуы басқа сөздер мен тіркесіп жұмсалуды жағынан да ажыратылады. Бұл сөз «шеше» деген мағынасында алуан түрлі сөздермен тіркесіп жұмсала берсе (мысалы: *ананың пейілі, ананың арманы, ананың бақыты, ананың қуанышы, ардагер ана, сүйікті ана, қымбатты ана және тағы басқалар*), «туған» (родной) деген мағынасында «тіл» деген сөзбен ғана (мысалы: *ана тілі*) тіркесіп жұмсалады. «Ана» деген сөздің «туған» деген мағынасының мынадай ерекшелігіне назар аудару қажет: бұл сөз «туған» деген мағынаға «тіл» деген сөзден басқа сөздермен тіркескенде емес, тек осы сөзбен (тіл) тіркескенде ғана ие бола алады. Демек, «сөздің негізгі мағынасының үстіне қосымша мағынаның үстелуі оның (сөздің) кейбір сөздермен тіркесіп жұмсалудың келіп туады». Сөздің белгілі бір сөздермен тіркесуінен туған қосымша мағынасы оның негізгі мағынасынан басқаша сипатқа ие болады. Сөз бұдан басқа да тәсілдер арқылы қосымша мағынаға ие болады.

Сонымен, сөз негізгі мағынасынан басқа туынды мағыналарға ие болып, әртүрлі мағыналарда қолданылады. Көпмағыналылық (полисемия) құбылысы тілдердің бәрінде де бар. Дүние жүзіндегі әртүрлі тілдердің сөздіктерін алып қарасаңыз, солардың әрқайсысынан да полисемантизмді сөздерді жиі кездестіреміз [2, 96].

Мысалы: «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» мен «Орыс тілінің түсіндірме сөздігіндегі» мына бір сөздердің мағыналарына және олардың түсіндірілуіне назар аударалық: *«Бас»* зат.

1. Адамның, жан-жануарлардың ауыз, көз, құлақ, мұрын, ми тағы басқалар орналасқан дене мүшесі.

Мысалы: *«Құлаған қызыл әскер басын бір көтеріп алды да, қайта құлады»* (Ғ. Мүсірепов).

2. Кісі, адам, жан.

Мысалы: *«Басы аманның малы түгел»* (Мақал).

3. Малдың саны, тұяқ.

Мысалы: *«Мал басын он процент, егіс көлемін он бес процент арттырмақ. Егер осыны орындаса, Жақыптан кім аспақ?»* (Ғ. Мүсірепов).

4. Шөптің, ағаштың, түрлі өсімдіктердің жоғарғы жағы, ұшы. Мысалы:

«Қарлығаш ұясын қыстаудағы қоралардың, аша ағаштың басына салады» (С. Мұқанов).

5. Таудың, қырдың, дөң-дөңестің, тағы басқа нәрселердің ең биік жері, жоғарғы шыңы, төбесі. Мысалы: *«Кешегі қалың бұлт аспаннан ыдырап, таудың басына ғана шөгіпті»* (С. Мұқанов).

6. Өзеннің, бұлақтың басталған жері, қайнар көзі.

Мысалы: *«Шу өзенінің басы Алатаудан басталады»* (Қазақстан географиясы).

7. Белгілі бір заттың бір шеті; бір жақ ұшы. Мысалы: *«Сойылдың басы сарт етіп, қашып бара жатқан қасқырды ұшырып түсірді»* (Ауызекі тіл).

8. Балта, пышақ, шот, тағы басқа саймандардың жүзі бар жағы.

Мысалы: *«Ұзын сапты айбалтаның басы асыл құрыштан істелінті»* (С.Мұқанов).

9. Заттың, бұйымның бөлшектері, кесегі.

Мысалы: *«Мен бүгін үш бас жіп иіріп, нормамды орындадым»* (Диалектологиялық сөздік).

10. Бір оқиғаның басталған кезі, алғашқы мерзімі.

Мысалы: *«Істің басы байлы болса, аяғы сайлы болар»* (Мақал).

11. Мамандық атауымен тіркесіп лауазым, дәрежені білдіреді.

Мысалы: *«Бір ресторанда бас аспаз болдым, - деді Петров»* (Т. Жанкелдин).

12. Мекен-тұрақты білдіретін сөздермен, сондай-ақ топонимдік атаулармен тіркескенде, маңы, жаны, қасы сияқты мағынаны білдіреді.

Мысалы: *«Жандос үйіне қос басынан кеш қайтты»* (С. Адамбеков) [3, 111].

Редакциясын профессор Д.Н. Ушаков басқарған «Орыс тілінің түсіндірме сөздігінен» осы тәріздес мысал келтірейік:

«Голова, ы, вин. голову, голов, головам, ж.»

1. Верхняя часть тела человека или животного, состоящая из черепной коробки и лица.

2. Это часть тела, как единица счета (скота).

3. Переносное. Умственные способности, ум, разум, сознание.

4. Переносное. В некоторых разговорах и риторических выражениях употребляется как символ жизни, существования, здоровья.

5. Переносное. Руководитель, хозяин (разговорное).

6. Выборный руководитель, начальник самоуправления.

7. Передняя часть, передовой отряд чего-нибудь.

8. Известное количество какого-нибудь вещества в форме шара или конуса, имеющие некоторое сходство по виду с человеческой головой.

Осылар тәріздес көп мағыналы сөздер басқа да тілдердің сөздіктерінде кездесе береді. Әрбір тілде мұндай көп мағыналы сөздердің жиі ұшырауы неліктен, олар қалай пайда болған деген сұрақ туады.

Адам баласы қоғамының дамуы барысында тіл де дамиды, оның лексикасы да дамиды. Өзгеру мен даму тілдің лексикасындағы сөздердің мағыналық жағына да қатысты болады. Адамдар өзін қоршаған дүниедегі заттар мен құбылыстарды, олардың алуан түрлі сырлары мен белгілерін, әрине, бірден танып білген емес. Заттар мен құбылыстар және олардың бір-біріне қатынасы мен байланысы, әртүрлі белгілері мен сыр-сипаты адам баласы қоғамының дамуы барысында біртіндеп танылып отырады. Ғалым К.Аханов «жанадан танылған заттар мен құбылыстардың тілде сөзбен аталу қажеттілігі әр уақытта жаңа сөздерді тудыра бермейді» дегенді айта келіп, «олар көбінесе тілдің негізгі сөздік қорында бұрыннан бар сөздермен аталады да, ол сөздердің бұрынғы қалыптасқан негізгі мағынасының үстіне қосымша мағына үстеледі» деген тұжырым жасайды [2, 97].

Сөзге қосылған жаңа мағына басқа жақтан өз-өзінен келе қалмайды. Әрбір жаңа мағына әр сөздің білдіретін мағынасының айрықша қасиетінен, түрліше сыр-сипатынан келіп шығады. Сөз өзінің білдіретін затын, құбылысын барлық қасиетімен толық бірден қамтып, суреттеп бере алмайды. Егер сөз өзінің білдіретін ұғымын барлық ерекшеліктерімен түгел жинақтап, бірден көрсеткен болса, онда сөз ауыспалы мағынада айтылмаған болар еді. Ал, сөз ауыспалы мағынада жұмсалмаған болса, онда тілде көп мағыналы сөздер кездеспейтін еді. «Адам өмір шындығының бәрін бірден білмей, уақыт озған сайын біртіндеп тани берген. Заттың бойындағы барлық ерекше белгілерді біліп болғаннан кейін барып, ұғым абстракцияланады», - дейді Ә. Болғанбаев өз еңбегінде [1, 38]. Оларды білмей, меңгермей тұрып, белгілі сөздер ауыспалы мағынада қолданылмайды. Адам бір затты алғаш көргенде, ең алдымен, оның сыртқы қасиеттерімен танысады. Сол қасиеттер кісінің сезім мүшелеріне аз да болса әсер етіп, әйтеуір бір із қалдырады. Адамның санасында қалған сол көрген зат туралы түсінігі басқа бір затпен де ұқсасып, байланысып тұрады. Соның нәтижесінде екі заттың не сапасында, я болмаса атқаратын қызметінде жалпы ұқсастық пайда болады. Сол ұқсастықтың негізіне сүйеніп, адамдар ұқсас келген екі, я бірнеше затты бір атаумен атап жүре береді.

Мәселен, адам баласы құдықты көргенде, ең алдымен, оның түбіне көз жібереді. Сол арқылы оның терең, я тайыз екендігін біледі. Мұнан кейін адам құдықтың түбінің бейнесін абстракциялап, басқа затпен де салыстыра отырып, ұқсасқан көптеген заттарды да «түп» деп атап кеткен. Соның нәтижесінде бұл сөз көп мағыналы болып қалыптасқан.

Түп сөзінің қазіргі қазақ тілінде мынадай мағыналары бар:

1. Бір заттың бетіне қарсы тұрған жағы (Ыдыстың түбі).

2. Өсімдіктің жерге кіріп тұрған бөлігі (Томардың түбін қопардық).

3. Орнатылған немесе қазып алынған ағаш (Бес түп отырғыздық).

4. Адамның шыққан тегі, арғы заты (Мен сол Керей ішіне сіңген, аз атаның баласы едім, түбім Қызай (М. Әуезов).

5. Бір нәрсенің жаны, қасы (Мәскеу түбінде фашистер талқан болды) [4, 9].

Келесі қарастыратын мәселе - көп мағыналы сөздің жасалу жолдары.

Ә. Болғанбаев полисемия метафора, метонимия, синекдоха, калька арқылы жасалады деп көрсетсе [1, 28-36], Р. Садықбеков көп мағыналы сөз жасаудың метафоралық, метонимиялық және функционалдық жолдары болатынын дәлелдейді. Ш. Мұхамеджанов бұл тәсілдерді ауыспалы мағына жасаудың, Р. Барлыбаев сөз мағынасының кеңеюінің тәсілдері деп тұжырымдайды [5, 10]. Ғ. Мұсабаев «Сөз мағыналарының көпшілігі семасиологияның белгілі заңдары бойынша жасалады. Оның бастылары: ұқсату заңы (метафоризация), функционалдық семантика заңы, бөлшектің бүтінге ауысу заңы, мағынаның кеңеюі мен тарылуы», - дейді [6, 45].

Профессор Б. Хасанов: «Ғ. Мұсабаевтың сөз мағыналарының жасалу заңдары туралы айтқан тұжырымдарынан мағына көбеюіне (полисемияға) жол беретін басты тілдік факторлардың бірі метафораландыру құбылысы, метафора тәсілі екендігін байқау қиын емес; олардың ұқсату заңы деп отырғаны – метафораландырудың нәтижесі, шынында, бұл – метафораның функция ұқсастығына немесе бірлігіне қарай ауыстыруы; оны өз алдына бөліп алып, функционалдық семантика заңы дегеннен гөрі метафораландырудың аясында қараған жөн сияқты; ал «бөлшектің бүтінге ауысу заңы» – кең мағынада алғандағы метафораның бір түрі, яғни синекдоха. Сол сияқты метонимияны да заңдылық деп көрсеткен артықтық етпес еді. Ал жоғарыда айтылған «Сөз мағынасының кеңеюі мен тарылуы заңы» процесі және тәсіл ретінде емес, нәтиже, қорытынды деп қарастырған жөн», - дейді [7, 207].

Сонымен, жоғарыда аталған зерттеуші ғалымдарымыздың еңбектерінен көріп отырғанымыздай, көпмағыналылық құбылысын олар бірдей қарастырып, бір мазмұнды анықтама бергендеріне көзіміз жетті және олардың қай-қайсысында да көп мағыналы сөздердің пайда болу жолдары ретінде негізгі 4 тәсіл көрсетілген:

- 1) метафора;
- 2) метонимия;
- 3) синекдоха;
- 4) қызмет бірлігі арқылы жасалуы.

Қорытындылай келгенде, полисемантизмнің пайда болу, даму заңдылықтары бар екендігін анықтадық. «Ол заңдылықтар жалпы семантикалық заңдылықтардан ала бөтен бөлініп жатпайды» [8, 42].

Көп мағыналы сөз мағыналық құрам болуы үшін ғалым Ш.Ш. Жалмаханов оның құрамындағы лексемалардың мынадай шарттарын көрсетіп өтеді:

1. бір ғана сөзбен таңбалануы;
2. келесі бір затты атауға негіз болып, келесі бір затты атауы;
3. бір сөз табына жатуы;
4. оларды бір-бірімен байланыстыратын заттық (денотаттық) белгінің болуы шарт;
5. сөз неше затқа атау болса, сонша мағына бар [5, 16].

Сонымен, «сөздің негізгі мағынасы белгілі бір шындыққа байланысты жалпы тарихи практиканың негізінде жасалады. Сөздің туынды қосымша мағыналары тілдік фактілердің негізінде ойлау қабілетіне сүйеніп қолданудан кейін шығады» [1, 39]. Ең алғашқыда бір сөз бір ғана ұғымды, я құбылысты білдіру үшін жұмсалған болса, кейіннен ол әлденеше ұғымды білдіру үшін қолданылады. Бұған, біріншіден, адам баласының өмір заңдылығын терең тануы, білуі, сезінуі әсер еткен болса, екіншіден, оның мағына жағынан қорланып дамуына оның алғашқы тура мағынасы негіз болады. Мәселен, адамзат пен жан-жануардың көру мүшесін «**көз**» деп атаймыз. Сонымен қатар *иненің көзі, есіктің көзі, терезенің көзі, бұлақтың көзі* деп те қолданамыз. Түптеп келсек, осылардың семантикалық жағынан байып көбеюіне себеп болған сөздің ең алғашқы номинативті мағынасы екендігі даусыз.

Ғалым Ш.Ш. Жалмаханов көпмағыналылық құбылысты өзінің «Көп мағыналы зат есімдердің мағыналық құрамы» атты еңбегінде бір затты – фонетикалық форманың,

семантикалық-стилистикалық мазмұны екенін айта келіп, мынадай тұжырым жасайды: «Затты атаушы сөз – сезімдік-логикалық танымның нәтижесінен туған мән-мағынаның (мазмұнның) көрсеткіші, яки мағына мен мәннің бірлігі. Мағыналық құрам мүшелерінің объективті шындықты, оның ішінде нақтылы заттарды атауына, яғни атауыштық құндылығына байланысты. Атауыштық құндылығы тұрғысынан келгенде, синонимия бір затты бірнеше сөзбен немесе бірнеше формамен бір мазмұн беру; бірнеше форманы бір мазмұнға біріктіру. Полисемия бірнеше затты бір сөзбен немесе бір формамен бірнеше мағына беру, бірнеше мағынаны біріктіру, атау» [5, 43]. Біздіңше, бұл тұжырымға толығымен келісуге болады.

Көпмағыналылықтың пайда болуында контекстің рөлі жоқ па? Көпмағыналылықты контекст жасап тұрған жоқ па сияқты сұрақтардың туындайтыны анық. Егер көпмағыналылық контексте ғана жасалады десек, онда контекст мағына жасайды, сөз мағынасы контексте пайда болады деген пікірді қолдаған боламыз. Егер контекст сөз мағынасын жасамаса, онда сөздер (тым болмағанда кей сөздер) жеке тұрғанда да бірнеше мағынаға ие болады деген пікірді қолдаған боламыз. Пікіріміз анық болу үшін мысал алып, талдап көрейік.

Контекстің қызметі – көп мағыналы сөздердің мағынасын тиянақтау, қолданылған кезде бір мағыналық қалыпқа келтіру. Екінші сөзбен айтқанда, «айтушының көп мағыналы сөзді қай мағынада айтылғандығын тыңдаушысына нақты жеткізуінде ғана», – дейді ғалым М. Оразов [8, 42]. Мысалы **аудар** деген көп мағыналы етістікті алайық. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» оның 7 түрлі мағынасы көрсетілген:

1. Қопару, төңкеріп тастау.

«Сансызбайдың атқан жебесі көрінеді, құлатып, одан өтіп, үй орнындай бір төбені аударып тастайды» (М. Әуезов).

2. Адамды көлік үстінен құлату, жұлып алу.

«Той болса, тон киелік, тұр баралық,

Бірімізді-біріміз аударалық» (Абай).

3. Күреспен алысқан екі адамның бірін-бірі астына түсіруі.

«Ақшал аударып кетпек болып, апыл-гұпыл қарманып еді, мен бар күшімді сала үйелетіп тұрғызбай қойдым» (Ғ. Орманов).

4. Бір нәрсенің астын үстіне қарату, екінші жағын ауыстыру.

«Қожа торғайды алақанына аударып салды» (Б. Сокпақбаев).

5. Бір нәрсені төгіп алу, ақтара салу, қотару.

«Бір әйел келді де, жаңа тартып қойған қаймақты үлкен сары аяққа аударып құйды» (Б. Майлин).

6. Басқа жаққа ауыстыру, көшіру.

«Үш-төрт машинаны Дайрабай басына аударамысың, қайтесің?» (Ғ. Мүсірепов).

7. Жаласын, кінәсін біреуге жабу.

«Жарқын бар пәлені Сапарға аударып отыр» (М. Иманжанов).

«Қырмандағы бидайды күнде аударамыз» десек, тыңдаушы адам *бір нәрсені қопару, төңкеру деп те, аттан құлату деп те, бір затты төгу деп те* түсінбейді. Керісінше, күнге жайылған бидайдың астыңғы қабатын үстіне (бетіне) шығару деп түсінеді. Демек, затты бір қалыптан екінші бір қалыпқа өткізу мағынасы сөз атауының ауысуына, көп мағыналы сөз ретінде қолданылуына себеп болып тұр [8, 43]. Тек *бидайды аударды* тіркесі ғана емес, *мақтаны аударды, құмды аударды, шөпті аударды, сабанды аударды* сияқты толып жатқан сөздермен тіркесіп, «астын үстіне қарату» мағынасын білдіреді. Бұл «сөздердің көпмағыналылығы сөйлем ішінде келгенде ғана пайда болады» деген қағиданың дұрыс еместігін көрсетеді.

Жеке сөздерде мағына жоқ, олардың мағынасы тіркесте, жүйедегі орнына байланысты болады деген пікірді қолдаушылар мен көпмағыналылық сөйлем ішінде ғана, тіркескен сөздерімен байланысты туады деген пікірді ұстанушылар арасында байланыс бар. Бұл

қағидаларды қолдаушылардың екеуі де «сөздер жеке тұрғанда лексикалық мағыналары болмайды» деген қағиданы қолдайды, сөздердің дербестігін жоққа шығарады.

Ғалым Ю.С. Маслов: «Полисемия не только снимается контекстом, но и выявляется во всем своем многообразии с помощью постановки слова в разные контексты», - деп, контекст жайындағы өз ойын қорытындылайды [9, 106].

Ал, ғалым Ш.Ш. Жалмаханов контекст моносемантикалы сөздің мәндерімен қатар, полисемантикалы сөз мағыналарын саралайтындығын айта келіп, «бейнелілігі көмескіленген туынды не ауыспалы мағыналар негізгі мағына арқылы емес, контексте түсініледі, ұғынылады» деген тұжырым жасайды [5, 37].

Сонымен, жоғарыда айтылған пікірлердің негізінде қорытындылап айтсақ, біріншіден, көп мағыналы сөз мағыналары контекст арқылы жасалмағанмен, контексте айқындалады. Контекстің айқындауыштық рөлі мағыналардың синсемантикалығымен емес, бір таңбамен, ортақ дыбыстық комплекспен белгіленетіндігімен байланыста болады. Екіншіден, көп мағыналы сөз құрамындағы мағыналар басқа зат, құбылыстарға атау, сондықтан дербес сөз (лексема) қызметін толық атқара алады.

Қолданылған әдебиет

1. Болғанбаев Ә. Қазақ тілі лексикологиясы. – Алматы, 1979.
2. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы, 1993.
3. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008.– 968 б.
4. Аханов К. Қазақ тілі лексикологиясының мәселелері. – Алматы, 1955.
5. Жалмаханов Ш. Ш. Көп мағыналы зат есімдердің мағыналық құрамы. – Алматы, 1999. – 68 б.
6. Кеңесбаев І. Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 1975. – 307 б.
7. Хасанов Б. Қазақ тілінде сөздердің метафоралы қолданылуы. – Алматы, 1966.
8. Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. – Алматы, 1991. – 216 б.
9. Маслов Ю. С. Введение в языкознание. – Москва, 1987. – 102 б.

ӘОЖ 37:811.512.122

СТУДЕНТТЕР ТІЛНДЕГІ КӨПТІЛДІЛІК МӘСЕЛЕСІ

Лесов Наурызбек Әспенұлы

Lesov_Nauryzbek@mail.ru

М.Өтемісов ат. Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, филология: қазақ тілі
мамандығының 2-курс студенті, Орал қаласы, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к., М.Өтемісов ат. БҚМУ доценті Раманова А.А.

Қазақ тіл білімінде соңғы жылдары ғалымдар назарын аударуды қажет етіп, бүгінгі күні әлеуметтік лингвистикада өзекті мәселелердің біріне айналып отырған мәселе – көптілділік тақырыбы.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан бергі жылдарда республикадағы тілдік жағдаят, тіл саясаты, оның өзіндік бағыттары біршама зерттелді. Бұл бағытта Б.Хасанұлы, М.М.Копыленко, А.Е.Карлинский, М.К.Исаев, З.К.Ахметжанова, С.Т.Саина, Э.Д.Сүлейменова сынды ғалымдармен қатар, А.М.Құмарова, Г.А.Досмұхамбетова, А.М.Абасилов, С.А.Асанбаева т.б. ғалымдардың еңбектерін атауға болады.

Б.Хасанұлы 1976 жылы жарық көрген «Языки народов Казахстана и их взаимодействие» еңбегінде көпұлтты Қазақстандағы тілдік жағдаятқа мінездеме берді. Қазақстан халқы тілдерінің араласуын, орыс, ұйғыр, қырғыз, өзбек, тәжік, корей, неміс т.б. Қазақстанда тұратын өзге ұлттардың ауызша және жазбаша тіліндегі қазақшылықтың кездесуіне талдау жасады. Кеңес кезіндегі орыс, ұйғыр, дүнген, корей және неміс тілдерінің Қазақстандағы қызметіне тоқталды [1,172].